



**Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысы білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы**

**Вариативті курс бағдарламасын құрастыру бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
по составлению программ вариативных курсов**

Қарағанды 2016 жыл

Шығармашылық топ жетекшісі:

Қожахметова Г.Ш., Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу - әдістемелік орталығының директоры

Шығармашылық топ координаторы:

Абдикерова Б.Х., Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу - әдістемелік орталығы директорының орынбасары

Құрастырушылар:

Калинина О.Ю., Қарағанды облысы ББД ОӘО әдіскері

Сулейманова Г.О., Қарағанды облысы ББД ОӘО әдіскері

Пікір жазғандар:

Беткер И.М., Сәтбаев қаласы білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі

Досмағамбетова К.Ж., Теміртау қаласы білім бөлімінің әдіскері

Сейдахметова Г.С., Теміртау қаласы білім бөлімінің әдіскері

Қазақстан мектептеріндегі білім беру жүйесі қазіргі таңда жаңаша көзқараспен жаңартылған білім мазмұнына сәйкес жұмыс атқаруда. Мектептерде вариативті оқу бағдарламаларын кең ауқымда жүзеге асыру үшін үлкен мүмкіндіктер бар.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы вариативті курс бағдарламаларын құрастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық нормативті құжат талаптарына сәйкес құрастырылған және жалпы білім беретін мектептерде жұмыс атқаратын мұғалімдер үшін көмекші құрал көзі болып табылады.

Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу - әдістемелік орталығының әдістемелік кеңесіне қолдануға ұсынылады

Хаттама № 4 «22» тамыз 2016 жыл

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
Бағдармаларды әзірлеу және бекіту тәртібі.....	7
Бағдарламаны безендіру ережесі.....	8
Оқу бағдарламасының компоненттері.....	8
Бағдарламаны жазу үшін нені білу керек.....	10
Түсінік хат үшін негізгі үлгілік (клише) сөздер.....	11
Вариативті курс бағдарламасын бағалау өлшемдері.....	16
Үйірменің білім беру бағдарламасын құруға арналған ұсынымдар.....	16
Қорытынды.....	18
Қосымша 1.....	19
Қосымша 2.....	21
Қосымша 3.....	23
Қосымша 4.....	25
Қосымша 5.....	27
Әдебиеттер:.....	27

Кіріспе

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімі орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 56-бабына сәйкес әзірленген.

Орта білім беру стандартында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 4 тармақшасына сәйкес терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады. Оларға қосымша мынадай терминдер және олардың анықтамалары енгізілді:

Үлгілік оқу жоспары – орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының құрамдас бөлігі болып табылатын, оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін регламенттейтін, оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерін белгілейтін және бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейлерінде оқыту тілін, жалпы орта білім беру деңгейінде оқыту тілі мен бағытын сипаттайтын нормативтік құқықтық акт; білім беру ұйымдарының қызметін қаржыландыру үшін негізгі құжат болып табылады.

Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, жалпы орта білім беретін ұйымдар анықтайтын оқу пәндері мен курстардың жиынтығы.

Вариативтік оқу бағдарламасы – үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне енетін әрбір оқу курсы бойынша білім, шеберлік және дағды мазмұны мен көлемін анықтайтын құжат.

30 тармақ бойынша міндетті оқу бағдарламалары орта білімнің базалық мазмұнын іске асырады және орта білім беру деңгейлеріне сәйкес білім алушылардың дайындығына қойылатын талаптарды анықтайды. Вариативті оқу бағдарламалары вариативтік компонентке кіретін оқу пәндері мен курстарының мазмұнын іске асырады.

Оқу пәндерін меңгертудің жетік (жетік мүмкіндік және жетік бейіналды/жетік бейіндік) деңгейлері білім алушылардың білімінің кеңейтілген және тереңдетілген көлемін, олардың шеберлігі мен дағдыларын қамтиды. Оқу пәндерін меңгертудің мүмкін деңгейі 5-11 сыныптар үшін вариативтік оқу бағдарламасы негізінде жалпы білім беретін ұйымдардың таңдауы бойынша жүзеге асырылады.

Оқушылардың вариативтік курсты таңдау кезіндегі күтетін нәтижесі көп жағдайда кейбір метапәндік нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған болуы мүмкін(мысалға, ақпаратты таңдау әдістерін, хабарламаларды құрастыру тәсілдерін, бірлесе қызмет ету тәсілдерін, мәселелерді шешу машықтарын меңгеру).

Сондықтан оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін іздестіру және зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлген дұрыс. Әсіресе әр түрлі оқу - ақпарат көздерін пайдалана отырып атқаратын өзіндік жұмыстардың үлесін арттыру қажет. Бұл ретте мұғалімнің негізгі функциясы – жалпы білім беретін мақсатқа жетуге бағытталған бірлескен қызметке негізделген көшбасшылық.

Вариативті курстар – таңдау курстары оқу профилінің құрамына кіретін мектеп немесе оқушы компонентінен алынады. Вариативті курстар негізгі 3 функцияны атқарады:

1. бейінді курстың «құрылымы», мұнда қосымша берілген бейінді курс толықтай тереңдетілген болып саналады (ал ол оқитын мектеп /сынып/ жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын дәстүрлі мектепке айналады);
2. базалық курстардың біреуінің мазмұнын дамытады, оның оқытылуы минималды жалпы білім беретін деңгейде жүзеге асырылады, бұл дегеніміз сабақтас оқу пәндерін тереңдетілген түрде оқытуға немесе таңдалған пәндер бойынша қорытынды аттестацияны тапсыру үшін қосымша дайындық жүргізуге мүмкіндік береді;
3. адам іскерлігінің әр түрлі бағыттары бойынша танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыруға көмектеседі.

Вариативті курстардың келесі түрлерін мысал ретінде көрсетуге болады:

I. Пәндік курстардың негізгі міндеті – базалық оқуға кіретін мектеп пәндері бойынша білімді тереңдету және кеңейту. Мұндай курстардың мысалы ретінде: «Физикалық шамаларды өлшеу», «Физика ғылымындағы фундаменталды тәжірибелер», «Мектептегі физикалық практикум: бақылау, тәжірибе, модельдеу», «Физикалық-техникалық зерттеулердің әдістері», «Физикалық-техникалық модельдеу», «Компьютерде жобалауды үйрену», «Компьютерлік модельдеу», «Компьютерлік графика», «Дифференциалды теңдеулер шынайы үрдістердің математикалық моделі ретінде», «Жаратылыстану мен техникадағы математикалық модельдер мен әдістер», «Биоэкологиялық зерттеулердің негізгі әдістемесі мен әдістері» және т.б.

Өз кезегінде вариативті курстарды бірнеше топқа бөлуге болады:

- 1) Жоғары деңгейдегі вариативті курстар тақырыптық немесе сол пәнмен байланысы бар оқу пәнін тереңдетуге бағытталған. Мұндай вариативті таңдау курсы таңдалған пәнді бейінді түрде емес, тереңдетілген деңгейде оқуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда курстың барлық бөлімдері бір деңгейде немесе одан да жоғары деңгейде оқытылады.
- 2) Вариативті курстар, яғни мұнда міндетті бағдарламаға енетін берілген пәннің жекелеген бөлімдері тереңдетіліп оқытылады. Физика пәні бойынша мысал ретінде төмендегідей курстарды беруге болады: «Механика», «Заттың құрылымы мен қасиеттері», «Термодинамика», «Толқындық оптика», «Арнайы салыстырмалылық теориясы», «Атом және атом ядросының физикасы» т.б.
- 3) Вариативті курстар, мұнда берілген пәннің міндетті бағдарламасына кірмейтін негізгі курстың жекеленген бөлімдері тереңдетіліп оқытылады. Физика пәні бойынша мынадай курстар мысал бола алады: «Гидроаэродинамика», «Максвелл теңдеуі», «Плазманың физикасы», «Кванттық механиканың элементтері», т.б.
- 4) Қолданбалы вариативті курстардың мақсаты – алған білімін практикада қолдана білудің маңызды жолдары мен әдістерін оқушыларға таныстыру, оқушылардың қазіргі заманғы техника мен өндіріске қызығушылығын

дамыту. Мұндай курстардың мысалы ретінде: “Физика мен компьютер”, “Өндіріс механизациясының негіздерін оқытатын қолданбалы физика”, “Автоматика материалындағы қолданбалы физика”, “Техника мен қоршаған орта”, “Химиялық технология”.

- 5) Табиғатты тану әдістерін үйренуге арналған вариативті курстар. Мұндай курстардың мысалы ретінде: “Физикалық шамаларды өлшеу”, ”Физика ғылымындағы фундаментальды тәжірибелер”, ”Мектептегі физикалық практикум: бақылау, тәжірибе, модельдеу”, “Физикалық-техникалық зерттеулер әдісі”, “Жаңалықтар қалай ашылады”, “Физикалық-техникалық модельдеу”, “Компьютерде жобалауды үйрену”, ”Компьютерлік модельдеу”, “Компьютерлік графика“, “Дифференциалды теңдеулер шынайы үрдістердің математикалық моделі ретінде”, “Жаратылыстану мен техникадағы математикалық модельдер мен әдістер”, ”Биоэкологиялық зерттеулердің негізгі әдістемесі мен әдістері”.
- 6) Оқу жоспарына кіретін пәндердің тарихына арналған (физика, биология, химия, географиялық ашылулардың тарихы), сондай-ақ оқу жоспарына кірмейтін ғылымдар тарихына арналған (дін, астрономия, техника тарихтары) вариативті курстарда қарастыруға болады.
- 7) Математикалық, физикалық, химиялық, биологиялық есептерді шешудің әдіс-тәсілдерін үйретуге бағытталған және физикалық, химиялық, биологиялық эксперименттер жасау арқылы есептер құрастыру мен оның шешу жолдарын үйретуге бағытталған вариативті курстарды да қарастыруға болады..

II. Пәнаралық вариативті курстардың мақсаты - оқушылардың табиғат пен қоғам туралы жалпы білімдерін кіріктіреді. Жаратылыстану-ғылыми профилінде мысалға мынадай курстардың болуы мүмкін: “Ғарыштану негіздері”, ”Ғарыш физикасы”, “Астрофизика элементтері”, “Жаратылыстану”, “Биофизика элементтері”, “Химиялық физика элементтері”, “Биохимиялық физика” т.б.

III. Үлгілік оқу жоспарына кірмейтін пәндер бойынша вариативті курстар. Бұл курстар психологиялық, әлеуметтік, психологиялық-мәдениеттік, өнертану мәселелеріне бағытталған. Мұндай курстардың мысалдарын келтірейік: “Қазіргі заманғы әлеуметтік мәселелерге кіріспе”, “Адам мен қоғамның психологиясы”, “Кікілжің туған жағдайдағы мінез-құлық”, “Адам болашағының географиясы”, “Екі мәдениеттің қиылысында (немісше)”, “Intercultural Issues (мәдениетаралық байланыс бойынша оқу құралы)”, ”Табысты қарым-қатынастың шарттары”, “Әдеби мәтінді талдау өнері”, ”Мәдениет диалогындағы орыс тілі”, “Ақпараттық мәдениет пен оқушының желілік этикеті”, “Журналистік шеберліктің негіздері”, “Дизайн негіздері”, “Экология мәселелері”, “Менеджмент пен маркетинг сұрақтары” т.б.

Бағдармаларды әзірлеу және бекіту тәртібі

Бағдарлама пән мұғалімімен оқу жылына немесе оқу сатысына қарай (сыныптар параллелі, бастауыш сыныптар, орта буын сыныптары, жоғары сыныптар) құрастырылады. Оқу сатылары үшін өтпелі оқу бағдарламасы бір бағдарлама ретінде құрастырылады.

Бағдарламаға жоғарғы санатты мұғалімнің немесе ЖОО оқытушысының пікірін алу талап етіледі, сонымен қатар бағдарламаның жалпы талаптарға, оқу жоспарына, білім беру ұйымының жылдық күнтізбелік кестесіне, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі мектептің ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында сараптамадан өткізілуі керек.

Жалпы білім беретін мектептердің барлық параллель сыныптары үшін:

Бағдарлама қойылған талаптарға сәйкес келсе, онда ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша директордың орынбасарымен (егер бұл қызмет штат кестесінде қарастырылмаған болса, онда директордың оқу-ісі бойынша орынбасарымен) келісіледі және мектеп басшысына бұйрығы бойынша бекітіледі. Бағдарламаның титулдық бетінде ғылыми-әдістемелік бірлестік жетекшісінің, ҒӘЖ бойынша директор орынбасарының, білім беру ұйымы басшысының қолы қойылып, бекітіледі.

Гимназия және лицейлердің бейіндік сыныптары үшін (10-11 сыныптар):

т. 40. Үлгілік оқу жоспарының вариативті компонентін іске асыратын қолданбалы курстардың және таңдау бойынша курстардың оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган бекітеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына сәйкес «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қосымша 2 т. 27, 29

Гимназиялардың және лицейлердің вариативтік және кәсіптік бағдарланған арнайы курстарының оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарының тиісті кафедраларымен келісіледі.

Гимназия мен лицей компоненті:

1) әрбір лицейдің жеке таңдауымен бейіндік оқытуды, жеке дамыту бағдарламасын, инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын пайдаланумен;

2) лицейдің мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жаңа оқу бағдарламаларын, бейіндік пәндерді енгізумен қамтамасыз етіледі.

Авторлық бағдарлама облыстық Эксперттік кеңесте бекітілетін болса, онда жоғары оқу орындары оқытушысының пікірі және аудандық/қалалық білім бөлімдері әдістемелік кеңесінің хаттамасының болуы қажет.

Бағдарлама қойылған тәртіпке сәйкес келмеген жағдайда директордың ҒӘЖ бойынша орынбасары белгілі мерзімді көрсете отырып, істі аяқтап бітіру туралы қарар (резолуция) қабылдайды.

Келесі оқу жылына арналған бағдарлама директордың ҒӘЖ бойынша орынбасарымен 30 мамырға дейін келісіліп, мектеп директорымен 1 қыркүйекке дейін бекітілуі қажет.

Аяқталу мерзіміне дейін бағдарлама осы бағдарлама бойынша жұмыс жүргізетін педагогикалық қызметкерде және ҒӘЖ бойынша директордың орынбасарында (көшірме) сақталуы қажет.

Бағдарламаны пайдалану мерзімі – 3 жыл. Оқу сатылары бойынша құрастырылған вариативті курс бағдарламасы сол оқу сатылары бойынша бағдарлама жұмысы аяқталғанға дейін жарамды болып табылады (5-9 сыныпқа құрастырылған бағдарламаның пайдалану мерзімі – 5 жыл, 10-11 сыныпқа құрылған бағдарламаның пайдалану мерзімі – 2 жыл).

Оқу жылы барысында бағдарламаны түзетуге болады, бірақ міндетті түрде бағдарламаны түзету себебі сол бағдарламаның өзінде немесе жеке құжат түрінде көрсетілуі қажет.

Бағдарлама пән мұғалімімен электронды және қағаз нұсқаралында дайындалады.

Эксперттік Кеңестің қарауына облыстың инновациялық дамуына маңызды авторлық оқу бағдарламалары ғана қабылданады.

1) Әртүрлі үйлесімдегі белгілі бір элементтерді біріктіретін, қиыстыру арқылы жаңа сапаға әкелетін оқу бағдарламаларын білім беру ұйымы педагогтарының оң пікірлері болған жағдайда сараптамаға әдістемелік кабинеттер қабылдайды және білім бөлімдері басшылары бекітеді.

2) Әртүрлі үйлесімдегі модификациялау, жаңашаландыру, бұрын болған, белгілі тәсілді, технологияны, мазмұнды және т.б. қайта қалпына келтірген оқу бағдарламалары әдістемелік бірлестікте сараптамадан өтеді және білім беру ұйымы басшысымен бекітіледі.

Білім беру ұйымдарының материалдары Эксперттік кеңестің отырысына дейін бір ай бұрын олардың бірінші басшыларының өтініші бойынша қағаз және электрондық (3 дана) түрде облыстық Эксперттік кеңестің жауапты хатшысына тапсырылады.

Білім беру ұйымдарының оқу, білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік құралдары екі оң пікір (білім беру ұйымының педагогтары және білім бөлімдерінің әдістемелік кабинет меңгерушілері жазған) және білім бөлімі мен білім беру ұйымының әдістемелік кеңестерінің хаттамаларынан көшірмелер болған жағдайда облыстық Эксперттік Кеңеске қабылданады.

Бағдарламаны безендіру ережесі

Вариативті курс (факультативтердің) бағдарламаларының міндетті пәндер бағдарламаларынан көп өзгешелігі жоқ.

Оқу бағдарламасының компоненттері

Вариативтік курс бағдарламасының құрылымы:

-титулдық бет;

-жоғарғы санатты мұғалімнің және ЖОО оқытушысының пікірі;

-түсінік хат;

- оқытылатын курстың мазмұны;
- оқу-тақырыптық жоспары;
- мұғалімдер мен оқушыларға ұсынылатын әдебиеттердің тізімі;
- әдістемелік нұсқаулар;
- қосымша материалдар (бақылау-диагностикалық материалдар)

Титулдық беттің безендірілуі:

- білім беретін мекеменің атауы;
- бағдарламаның қайда, қашан және кіммен бекітілгені жайлы анықтамасы;
- вариативті курстың атауы;
- бағдарламаның қай сыныпқа құрастырылғандығы;
- бағдарлама авторының аты-жөні, қызметі;
- елді-мекеннің атауы;
- бағдарлама дайындалған жыл.

Титулдық бетті әзірлеудің үлгісі жалпы білім беретін мектептердегі барлық параллель сыныптар үшін (гимназия және лицейлердің 10-11 сыныптарынан басқа) **1 Қосымшада** көрсетілген.

Гимназия және лицейлердің үлгілік оқу жоспарындағы 10-11 сыныптардың вариативті компонентін жүзеге асыратын қолданбалы курстар және таңдау курстарының титулдық бетінің үлгісі **2 Қосымшада** берілген.

Гимназиялардың және лицейлердің 10-11 сыныптарындағы вариативтік және кәсіптік бағдарланған арнайы курстары үшін титулдық беттің безендірілу үлгісі **3 Қосымшада** берілген.

Облыстық Эксперттік Кеңеске жіберілген авторлық бағдарламалар үшін титулдық бетті безендірудің үлгісі **4 Қосымшада** көрсетілген.

Үлгіге сәйкес титулдық беттің келесі беті де безендіріледі.

Түсінік хаттың жазылуы:

- тұжырымдама, мектепте берілген курсты енгізу қажеттілігінің негіздемесі, өзектілігі;
- ғылыми дәлелділігі, курстың бейінді оқытудағы орны мен ролін көрсету (курстың жалпы білім беретін, сондай ақ бейінді пәндермен ара қатынасындағы орнын көрсету маңызы: элективті курстарды оқытуда қандай пәнаралық байланыстың жүзеге асатындығын, қандай жалпы оқу мен бейіндік дағдылардың дамытылатындығын, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға, кәсіби өзін-өзі анықтауына қандай жағдайлардың жасалатындығын көрсетеді);
- вариативті курстың мақсаты мен міндеттері (*курс мақсаты* - ол не үшін оқытылатындығын, оқушылар, мұғалімдер, мектеп бірлестігі, қоғам үшін білім беру үдерісі субъектілерінің қандай қажеттіліктерінің қанағаттандырылатындығын қысқаша баяндайды; *курс міндеттері* - мақсатқа жету үшін ненің қажет екендігін анықтайды);
- бағдарламаны жүзеге асырудың мерзімдері (оқудың ұзақтылығы, кезеңдері);
- материалды таңдау мен реттеудің негізгі принциптері;

- оқытудың әдістері мен формалары, сабақ тәртібі (вариативті курсты оқудың нәтижелілігі - бұл мынадай сұрақтарға жауап береді: мектепте жеке, терең білім беретін бағдарламаны құрастыруға қандай дағдылар мен машықтардың керек екендігін және оны оқып бітіргеннен кейін қандай табысты кәсіби қызметке ие болатындығын, қызметтің қандай түрлерін меңгеретіндігін, меңгеруге арналған қандай құндылықтар ұсынылатындығын үйретеді);
- күтілетін нәтижелер;
- нәтижелерді бағалауға арналған құралдар.

Оқытылатын курстың мазмұнына:

- тақырыптар тізбесі мен олардың реферативті сипаттамасы кіреді.

Оқу - тақырыптық жоспардың құрылымы:

- тарау, тақырыптардың тізбесі;
- әр тақырыпты оқуға арналған сағаттар саны;
- өткізілу күні;
- сабақ түрлері (**Қосымша 5**).

Әдебиеттер

- **мұғалімдерге, сондай ақ оқушыларға** арналған әдебиеттер тізімі курста оқуға қажетті оқу құралдары мен оқу әдістемелік материалдардың, әдебиеттердің тізімін құрайды.

Әдістемелік нұсқаулар:

- әрбір тарау немесе тақырып бойынша негізгі мазмұнды компоненттер;
 - оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыратын құралдар мен әдістердің сабақ өткізу формаларының сипаттамасы;
 - дидактикалық материалдар.
 - **Қосымша материалдар**
 - бақылау-диагностикалық материалдар;
 - курс тиімділігін анықтау үшін құрылған бағалау өлшемдері;
- Курсты бітіру есеп берумен: реферат жазып қорғау; баяндама оқу; жоба қорғау, эссе жазу т.б аяқталады.

(бақылау- диагностикалық материалдар)

Бағдарламаны жазу үшін нені білу керек.

Бағдарлама мақсаты

Бағдарлама мақсаты міндетті пән немесе таңдау курсы бойынша нәтижеге жету үшін оқушылардың ата-аналардың және жергілікті бірлестіктің сұраныстарын қамтамасыз ету қажет.

Курс мақсаты бағдарлама бойынша жұмыс жасайтын педагогтің не істеу керек екендігін көрсетеді. Бағдарлама мақсатын анықтауда нақты тұжырымдамалар қолданылуы қажет (мысалы, “үйрету”, ”ұйымдастыру”, “технологияны жетік қолдану” т.б.); нақты емес тұжырымдамалар (мысалы, “... үшін жағдайлар жасау”, “мүмкіндік беру”) қолданылмайды.

Оқу бағдарламасын құрастырушыға көмекші сұрақтар:

- Ұсынылып отырған бағдарлама келесі сұрақтарға жауап беру керек:
- Жаңа, өзге оқу бағдарламасын құру қажеттілігі не себептен туындады?
- Ұсынылған бағдарлама қандай негіздемеге сәйкес құрылды? (тек өзіндік жолмен немесе бар нәрсені модернизациялау негізінде)
- Құрылған бағдарламаның басқа бар бағдарламалардан ерекшелігі неде?
- Ұсынылған бағдарламаның жүзеге асырылуы Мемлекеттік білім беру стандартының міндетті талаптарын қамтамасыз ете ме?
- Бұл бағдарламамен жұмыс істеу барысында қандай жаңа нақты нәтижелерге жетуге болады?
- Бағдарлама мазмұнының қандай бағыты, бағдары бойынша күтілетін жаңа, жоғары нәтижелерді қамтамасыз ету ұсынылады?
- Жаңа бағдарламаны жүзеге асыру барысында қандай ерекше қиындықтар болуы мүмкін және оларды қалай жеңуге, ескеруге және компенсациялауға болады?
- Ұсынылған бағдарламаға көмекші құрал ретінде оқу-әдістемелік кешендер әзірлене ме? (яғни, тиісті оқу құралдары, әдістемелік құралдар, есептер жинағы, т.б.)
- Ұсынылған бағдарламаны жүзеге асыру үшін оқытудың қандай тиімді құралдарын, әдістерін, сабақты ұйымдастыру түрлерін және педагогикалық технологияларды пайдалануға болады?
- Бағдарламаны құрушылар тиімді қолдануға дайын ба?
- Мектепте ұсынылған инновациялық бағдарламаны тәжірибелік-эксперименттік тексеруден өткізу қалай жүзеге асырылмақшы (бақылау жасау жүйесі, тапсырмалар кесіндісі және тексеру жұмыстары, тесттер құрылған ба?)
- Оқу нәтижелерінің сандық және сапалық бағасының өлшемдері.

Түсінік хат үшін негізгі үлгілік (клише) сөздер

Бірінші бөлім мазмұнының аспектілері	Маркерлер(клише)
1. Курсты құрастырудың өзектілігі	-«...» курсы сабақтас оқу пәндерін тереңдетілген түрде оқытуға немесе таңдалған пәндер бойынша қорытынды аттестацияны тапсыру үшін қосымша дайындық жүргізуге мүмкіндік береді; -«...» курсын ұйымдастыру арқылы әр оқушының даму деңгейі, білімі, қабілеттерінің дамуына жағдайлар жасалып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасуына мүмкіндіктер туғызылады; -... қазіргі заманауи білім беруде аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады; -... әрекеттер, мәселені айқындау оқушыны шығармашыл жеке тұлға, зерттеуші ретінде сезінуіне, өзін-өзі

	<p>дамытуына мүмкіндік береді;</p> <p>-... біліктілігін жетілдіру жеке тұлғаны дамытуда маңызды роль атқарады;</p> <p>-... байланысты оқушының интеллектуалдық және практикалық біліктілігі қалыптасады, дамиды.</p>
2.Оқу тәртібін(курс, факультатив) енгізудің себептері	<p>-... байланысты...талаптарға сай болмағандықтан курсты енгізу қажеттілігі туындап отыр;</p> <p>-... тәрізді оқу үдерісіндегі қарама – қайшылық курсты енгізудің негізгі себебі болып табылады;</p> <p>«...» курсының негізгі міндеті – базалық оқуға кіретін мектеп пәндері бойынша білімді тереңдету және кеңейту болып табылады.</p>
3.Бағдарламалық материалдың ерекшеліктері	<p>-Осыған байланысты пән ерекшелігі ... бағытталған;</p> <p>-Оқытылатын курстың ерекшелігі ... тұрады;</p> <p>- ... бағдарлама кең ауқымды «...» оқу-әдістемелік кешенді қолдану арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>-Берілген бағдарламаның ерекшелігі ...болып табылады.</p> <p>-Оқу үдерісін ұйымдастыруда заманауи талаптарға сай ... қолдану үшін бағдарламада ... ерекше мән берілген.</p> <p>-Ұсынылатын бағдарлама ... болып табылды. Ол ... негізінде құрылған.</p> <p>-Берілген оқу бағдарламасының негіздемесі болып табылатын авторлық материалдар ... өңделген.</p> <p>-Берілген курстың негізі болып табылады.</p>
4. Курстың (факультативтің) жүргізілу тәртібі	<p>-Курс ... оқу жоспарына енгізілген пәндер қатарына кіреді;</p> <p>-... курс білім беру ұйымының оқу жоспарының құрылымында ерекше орын алады.</p> <p>-Берілген курсты оқыту ... пәндерімен тығыз байланысты;</p> <p>-Факультатив алдында оқып кеткен ... пәндермен тығыз байланысты және сол пәндерге негізделіп құрылады.</p>
5. Курс кім үшін ұйымдастырылады	<p>-«...» таңдау курсы оқыту бағдарына тәуелсіз, пәнге және оның қолданбалы аспектілеріне қызығушылық білдіретін ... сынып оқушыларына арналған.</p> <p>-Бағдарлама ... сынып оқушылары үшін құрастырылған, сондай-ақ ... болғандықтан ... сыныптарда да қолданылуы мүмкін</p> <p>-Курс ... сынып оқушылары үшін ұсынылған</p> <p>-Бағдарлама ... оқытуға есептелген</p>
6.Оқушылардың білімі мен икемділіктеріне қойылатын талаптар	<p>-Оқушы бағдарлама материалын оқу нәтижесінде:</p> <p>-.....;</p> <p>-.....;</p> <p>-біледі;</p> <p>-.....;</p> <p>-.....;</p>

	<p>-істей алады; -.....;</p> <p>-менгереді; -Оқушы курсты оқу нәтижесінде ... негізгі түсініктерді, ... даму кезеңдерін, ...ұйымдастыру принциптерін, ... сұрақтарды түсінуді; ... қолдануды, ... әдістерді пайдалануды, ... құбылыстарды зерттеуді, ... өткізуді, ... пайдалануды, ... мәдениетті меңгеруді білуі қажет.</p>
7.Мақсат қою	<p>-... осыған сәйкес курсты өткізудің мақсаты (... қалыптасуына көмек көрсету, ... үшін жағдай жасау, ... таныстыру, ... тұтас көзқарасты қалыптастыру) болып табылады;</p> <p>-Берілген курс... мақсатты көздейді;</p> <p>-Берілген бағдарлама ... мақсатқа ие болады;</p> <p>-... қол жеткізу барысында мынадай мәселелер шешіледі:</p> <p>-... жүйесін қалыптастыру;</p> <p>-... дағдысын жетілдіру;</p> <p>-... шығармашылық ізденісін дамыту;</p> <p>-Бағдарламаның негізгі мәселелері ... түйінделеді</p>
8.Бағдарлама құрылымы	<p>-Курсты қойылған тапсырмалардың логикасына сәйкес өзара байланысқан блоктар немесе модульдер түрінде елестетудің кескіндік бейнесі;</p> <p>-Оқытылатын бағдарламаның құрылымында келесі негізгі бөлімдерді бөліп көрсетуге болады:</p> <p>-«.....»;</p> <p>-«.....»;</p> <p>-Курста келесі тақырыптар (бөлімдер, сұрақтар, мәселелер жарық көреді) қарастырылады:...</p> <p>- ... бағдарлама келесі бөлімдерден тұрады:...</p>
9.Оқу үрдісін ұйымдастыру формалары	<p>- Бағдарлама құрылымы дәстүрлі сабақтар өткізуден, белгілі–бір тақырыптар бойынша дәрістер оқудан (экскурсиялар, зертханалық және практикалық сабақтар, семинарлар, жалпылама сабақтар, диспуттар жүргізуден және т.б.) тұрады.</p>
10. Оқушылардың сыныптық (аудиториялық) және өзіндік жұмыстарының өзара байланысы	<p>- Берілген курсты жоғары дәрежеде меңгеру үшін ... бойынша өздік жұмыстар жүргізуге ерекше мән беріледі.</p> <p>- Курсты оқу барысында оқушылар үшін өздік жұмыстармен айналысуға үлкен мүмкіндіктер қарастырылған.</p> <p>- Курс бағдарламасы бойынша оқу барысында оқушылар практикалық және дәріс сабақтарына, семинарларға қатысады және жеке жұмыс істеп үйренеді.</p>
11.Қорытынды бақылау	<p>- Оқушылардың білімі мен дағдысын бағалау курстың негізгі мәселелері бойынша ... сұрақтардан</p>

	<p>(тапсырмалардан) тұратын қорытынды тест арқылы өткізіледі.</p> <p>- Курс тоқсанның соңында (жартыжылдықта) сынақ тапсыру арқылы аяқталады. Сонымен қатар оқушы сынаққа ... ұсынуы, ... көрсетуі қажет.</p> <p>-Сынақ ... талаптарға сай өткізілуі керек:</p> <p>-Оқушыны сынаққа жіберу рұқсатын алу үшін ... орындау және ... ұсыну міндетті болып саналады.</p>
12.Оқытудың көлемі мен мерзімдері	<p>- Бағдарламаның жалпы көлемі ... сағат, ... тоқсанда (жартыжылдықта)...сағат оқытылады.</p> <p>-Курс бағдарламасы бойынша ... сыныпта ... сағат теориялық және практикалық сабаққа есептеліп құрылған.</p>

Жоспарланатын білім беретін нәтижелері

Оқытудың жоспарланған күтілетін нәтижелері курстың мақсатын нақтылау керек. Әрбір күтілетін нәтиже жеке-жеке талданып, оқушы мен мұғалімнің қандай жетістікке жеткендігі нақты анықталатындай мазмұнда болуы қажет.

Күтілетін нәтиже жетістігін педагогикалық диагностика арқылы тексеруге мүмкін болған жағдайда ғана бағдарламаға қосып, жоспарлауға болады.

Күтілетін нәтижелерді бағалау әдістерінің сипаттамасы.

Түсінік хатта бағдарлама бойынша курсты оқу барысында қандай күтілетін нәтижеге қол жеткізетіндігі және сол нәтижеге жеткен - жетпегендігін анықтайтын бақылау түрлері мен бағалау өлшемдері де нақты жазылуы керек.

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарын жасаған кезде оқушылардың АКТ-ны пайдалана отырып өздігінен оқуы үшін берілген тақырыптар бөліп көрсетілуі керек (оқушының өздігінен оқып дайындалуына арналған тапсырмалары – деп қасына жазылады). Оқушылардың өзіндік жұмыс түрлері регламенттеледі, атап көрсетіледі, жұмыстың кейбір сатысында оқушыға мұғалімнің немесе тьютордың қолдауы көрсетіледі.

Курс бағдарламасын табысты меңгергендігін бағалауға мүмкіндік беретін өлшемдерді анықтау - мұғалім оқушылардың білімін бағалауда қандай бақылау түрлері мен формаларын пайдаланатындығын атап көрсету керек (ауызша, жазбаша, өзара және өзін-өзі бақылау, тестілеу, жоба жазу, сынақ, портфолио т.б.)

Мысалы:

- сынақ алу үшін қандай аралық тапсырмаларды орындау керек екендігі алдын-ала жазылуы қажет;
- жобалардың, рефераттардың тақырыптары және олардың қорғау тәртіптері алдын-ала берілуі керек.

Мысалы, оқушылардың сынақтық - рейтингтік бағалау формасы олардың сабаққа қатысуын, баяндама мен рефераттар жазуын, семинарларға,

дөңгелек үстелдерге, шағын конференцияларға қатысуын, шығармашылық тапсырмаларды және зерттеу жұмыстарын орындау нәтижесін, оқу тапсырмаларын орындауда белсенділік көрсетуін ескереді.

Мұнда бағалаудың келесі өлшемдері болуы мүмкін:

Сынақтан өтпеген (незачет):

- сабақтың 50% - нан аз сабаққа ғана қатысқан;

Сынақ (зачет):

- сабақтың 50-100% - на қатысады;
- барлық шығармашылық тапсырмаларды орындайды;
- семинарларға, конференцияларға қатысады;
- кейбір жағдайларда ғана белсенділік көрсетіп тұрады;
- үнемі белсенділік көрсетеді

Курс бағдарламасының мазмұнын міндетті пәндер бағдарламасындағыдай әзірлеуге болады.

Мысалы: («Өзін-өзі тану сатылары» элективті курсының оқу бағдарламасынан, құрастырушы Евдокимова И.В.).

Менің денсаулығым және менің имиджім (3 сағат)

Біздің физикалық бейнеміз. Өзін-өзі таныстыру. Адамның темпераменті мен мінез-құлқы. Темпераменттің 4 түрі: сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик. «Тәрбие» темпераменті арқылы тұлғаны тәрбиелеу. Мінез-құлқының ерекшелігі дегеніміз не? Мінез-құлықтың ең маңызды сипаттары. Мінез-құлықтың қалыптасуы.

Сабақ өткізу түрлері: дәріс, диагностикалық тестілеу, мотивациялық және рефлексивті диалогтар, «Алғашқы әсер» дискуссиясы, белгілі бір тақырыпқа бағытталған әңгіме.

Түсінігі, мәселесі: темпераменттің басымдылық типі, моральді таңдау, құнды бағыт-бағдар беру.

Оқу- тақырыптық жоспарды безендіру үлгісі 5 Қосымшада берілген.

Мұғалім мен оқушыға ұсынылатын әдебиеттердің тізімі - берілген бөлімде кейбір пункттері қайталанатын әдебиеттердің екі тізімі берілуі мүмкін. Егер оқулықты жұмыс барысында оқушы да мұғалім де пайдаланатын болса, онда оқулықтың атауы әрбір тізімде көрсетіледі. Электрондық ресурстардың библиографиялық сипаттамасы: жалпы талаптар және құрастыру ережелері. Жоғарыда аталған стандарт талаптарымен мектеп кітапханаларында танысуға болады.

Әдебиеттер тізімі авторлардың аты-жөнімен әліппе бойынша реттеліп жазылады, кітаптар 1 деген саннан бастап нөмірленеді. Кітаптан басқа БАҚ мақалалары, компьютерлік дискілер, интернет желісіндегі басылымдар да әдебиет тізімінде жазылуға тиісті.

Әдебиеттер жалпы тізіммен мынандай тәртіпте беріледі:

- Автордың тегі және қысқартылған аты-жөні әліппе бойынша;
- Кітаптың, журналдың немесе мақаланың аты;

- Басып шығарылған орны және баспасы;
- Басылған жылы, шығу нөмірі, беті.

Мысалы:

Әдістемелік оқу құралдары:

1. А.Г. Мордкович және т.б. Алгебра және анализ бастамалары. 2 бөлім. Есептер жинағы – М.: Мнемозина, 2007ж.
2. Горский Д., Ивин А.А. Дене тәрбиесі бойынша қысқаша сөздік.- М., 2006ж.

Вариативті курс бағдарламасын бағалау өлшемдері

1. **Оқушыларға арналған жаңашылдық дәрежесі.** Бағдарлама базалық бағдарламаларға енбейтін материалдардан тұрады.
2. **Бағдарламаның ынталандырушы потенциалы.** Бағдарлама оқушылардың қызығушылығын тудыратын мазмұнға ие болуы керек.
3. **Бағдарламаның дамытушылық потенциалы.** Бағдарлама мазмұны оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоционалды дамуына септігін тигізеді. Белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдануды талап етеді.
4. Қойылған мақсатқа сәйкес бағдарлама мазмұны толық және аяқталған болуы қажет.
5. **Баяндалған материалдың байланыстылығы мен жүйелілігі.** Бағдарлама мазмұны алдыңғы немесе базалық курстан алған білімімен келесі тақырыптарды оқып, одан әрі дамуына мүмкіндік туғызатындай жүйеде құрылғаны дұрыс: жеке және жалпы білім арасындағы байланыс қадағаланады.
6. **Оқыту әдістері.** Бағдарлама көбінесе белсенді оқытудың әдістеріне негізделеді (жобалық, зерттеушілік, ойын түрінде т.б.).
7. **Бақыланушылық дәрежесі.** Бағдарламада оқытудың күтілетін нәтижесі мен оларға қол жеткізетін тексеру әдістері нақты анықталған болуы керек.
8. **Қолда бар ресурстар арқылы нәтижеге жету.** Бағдарлама оқу-әдістемелік және материалдық – техникалық құралдарды, мектептің кадрлық мүмкіндіктерін пайдалану жағынан шынайы түрде құрылуы қажет.
9. **Бағдарламаның формальды құрылымы.** Бағдарламада қажетті бөлімдердің болуы: түсінік хаттан (мақсат, міндетті тұжырымдау), негізгі мазмұндық бөлімінен (тақырыптық), күтілетін нәтижеден, әдебиеттер тізімінен тұруы керек.

Үйірменің білім беру бағдарламасын құруға арналған ұсынымдар

Түсінік хат- белгілі–бір курстың, пәннің оқыту үдерісін ұйымдастыру негіздері көрсетілген бағдарлама бөлімдерінің бірі немесе компоненті.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері ғылыми және педагогикалық негізделген, әлеуметтік және тұлғалық жағынан маңызды, бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелерін болжайтындай болуы керек.

Түсінік хатта берілген бағдарламаның өзектілігі, оның басқа бағдарламалардан ерекшелігі қысқаша түрде баяндалады. Сонымен қатар түсінік хатта бұл бағдарламаның қандай жастағы балаға арналып құрастырылғаны, бағдарламаның ұзақтық мерзімі, кезеңі, жұмыс түрлері және сағат саны көрсетілуі керек.

Мақсаты – берілген іс-әрекетті жүзеге асыру барысында болашақта адамның қол жеткізетін, алдын-ала бағдарланып қойылған нәтижесі.

Білім беру бағдарламасының мақсаты- Мұғалім мен оқушының оқу курсының аяғында (оқу жылының соңында) алдын-ала бағдарланып қойылған күтілетін нәтижеге қол жеткізуі.

Міндеттері – мақсатқа жету жолдары. Педагогтің шешу керек міндеттері 3 аспектіден тұрады: танымдық, дамытушылық және тәрбиелік.

Танымдық – негізгі және анықтаушы аспект. Ол келесі талаптарды орындаудан тұрады: әрбір оқушыны өздігінен білім алуы үшін оқыту және үйрету, үйреткен нәрсені үйрену үшін оларға көмек көрсету; жұмыс істеу нәтижесінде оқушылардың танымдық білім - білік дағдысын қалыптастыру.

Дамытушылық аспектісі бірнеше блоктардан құралады: тілді дамыту, ойлау қабілетін дамыту, сенсорлық сфераны дамыту, қозғалу сферасын дамыту. Дамытушы тапсырмалар ретінде тәрбиеленушілердің сөйлеуін, зейінін, оқу материалын рационалды есте сақтау қабілетін қалыптастыруын, салыстыра білуін, талдай білуін, маңыздысын анықтай білуін, өздігінен қорытынды жасай білуін, өз жұмысын жоспарлай білуін және оны уақытылы жүзеге асыруын, өзін-өзі бақылаудың қолжетімді әдістерін қолдана білуін, көзбен дәл өлшеу қабілетін жетілдіруін, кеңістікте бағдарлану қабілетін дамытуын, тапсырмаларды, жаттығуларды, элементтерді орындау дәлдігін дамытуын, шағын моторикасын дамытуын, өзінің қозғалтқыш әрекеттерін басқара білу қабілеттерін қалыптастыруын және т.б. қарастыруға болады.

Тәрбиелеуші аспект оқушыларда еріктілік, танымдық, еңбектік, эстетикалық, патриоттық, азаматтық борышқа деген ұлы сезімін тәрбиелеуге бағытталған болуы керек.

!!! Егер үйірменің оқу бағдарламасы бірнеше жылға, бірнеше сыныпқа оқытуға есептелген болса, онда әрбір сынып үшін бағдарламаның міндеттері жеке-жеке қойылады.

Бағдарламаны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық шарттары

Бұл бөлімде міндетті түрде атап көрсетілуі керек:

- балалардың топ ерекшеліктері (жасы, білімділік және даму деңгейі, қызығушылық ортасы және т.б.);
- жалпы сағат саны;
- сабақтардың өту мерзімі мен уақыты;
- топтардың толымдылық нормасы;

- ұйымдастыру формалары (топтық, шағын топ, жеке), таңдап алынған ұйымдастырушылық формасы дәйектелінуі, көрсетілуі қажет;
- ресурспен қамтамасыз етілуі (материалдық- техникалық).

Бағдарлама мазмұны практикалық жұмыстың түрлерін көрсете отырып оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес бағдарлама бөлімдеріне қысқаша түсініктеме берілген, курстың мазмұнын ашатындай құжаттың негізгі бөлімі.

Бағдарламаның негізгі мазмұны қысқа да нұсқа белгілі бір реттілікпен бағыттар бойынша беріледі: оқу материалының мазмұны (бөлімдер бойынша), білім беру іс-әрекетінің түрлері, күтілетін нәтижелер және оларға жету жолдары мен механизмдері, бағалау жүйесі.

Практикалық жұмыстардың, жаттығулардың тізбесін жасағаннан соң мұнда әрбір бөлімде осы бөлімді оқу барысында тәрбиеленушілерде қандай білім, білік дағдысының қалыптасатындығы көрсетілуі қажет.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары кесте түрінде беріледі. Қарастырылатын негізгі бөлімдер оқу бағдарламасындағы оқытылу реттілігіне қарай жазылады. (Қосымша 5). Кестеде сонымен қатар әрбір бөлімге сағат саны көрсетіледі (жалпы, теория, практика). Жылдық сағат саны _____, үйірме сабақтары аптасына _____ рет өткізіледі. Сабақтың ұзақтығы _____.

Әдебиеттер

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімдемесін жасау барысында 3-4 әдебиеттермен ғана шектелудің қажеті жоқ. Бұл бөлімнің негізгі мақсаты оқушылар терең білім алу үшін педагогтың барлық қажетті білімді меңгеретіндігін, теориялық, практикалық дайындық деңгейін (педагогикалық, әдістемелік, психологиялық) көрсету.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, вариативті курстарды өткізу барысында оқушының талап-тілектері мен танымдық мүмкіндіктері ескеріледі, оқытудың пәндік материалын меңгеру мақсатында қарапайым оқытудан өзіндік білім алуға көшу арқылы баланың эмоционалды, әлеуметтік және интеллектуалды дамуына мүмкіндіктер жасалады.

Білім беру ұйымының атауы

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ
Әдістемелік бірлестік
отырысы
Хаттама №
«___» _____ 201__ жыл
Әдістемелік бірлестік
жетекшісі
_____ Аты-жөні

КЕЛІСІЛДІ
директордың ҒӘЖ
бойынша орынбасары
_____ Аты-жөні
«___» _____ 201__ жыл

БЕКІТЕМІН
«№15 ЖББОМ» КММ
директоры
_____ Аты-жөні
Бұйрық №
«___» _____ 201__ жыл

« _____ »
(бағдарламаның атауы)

факультативтік курсының, қолданбалы курсының, таңдау курсының, элективті
курсының (қандай курсты таңдауына байланысты)

БАҒДАРЛАМАСЫ

(___ сынып, ___ сағат саны)

20___ - 20___ жыл

Құрастырған

Математика пәнінің мұғалімі

Қарағанды қаласы

(оқу бағдарламасының ішкі титулдық бетінің үлгісі)

Авторы:

Қала/аудан № _____ ЖББОМ _____ пәнінің мұғалімі

_____ аты-жөні

қолы

Пікір жазушылар:

Аты-жөні, мекеменің атауы, ондағы лауазымы, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы (егер болса)

Аты-жөні, мекеменің атауы, ондағы лауазымы, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы (егер болса)

Білім беру ұйымының Әдістемелік бірлестігімен (кафедра) ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ жыл

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні

қолы

Білім беру ұйымының Әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ жыл

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні

қолы

Қосымша 2

Гимназия және лицейлердің үлгілік оқу жоспарындағы 10-11 сыныптардың вариативті компонентін жүзеге асыратын қолданбалы курстар және таңдау курстарының титулдық бетінің үлгісі

Білім беру ұйымының атауы

КЕЛІСІЛДІ

директордың ҒӘЖ

бойынша орынбасары

_____ Аты-жөні

«__» _____ 201__ жыл

КЕЛІСІЛДІ

«№99 гимназия» КММ

директоры

_____ Кудряшова Т.С.

«__» _____ 201__ жыл

БЕКІТЕМІН

Қарағанды қаласы білім

бөлімінің басшысының м.а

_____ Кожаметова Г.Ш.

Бұйрық №

«__» _____ 201__ жыл

«_____»

(бағдарламаның атауы)

факультативтік курсының, қолданбалы курсының, таңдау курсының, элективті курсының (қандай курсты таңдауына байланысты)

БАҒДАРЛАМАСЫ

(__ сынып, __ сағат саны)

20__ - 20__ жыл

Құрастырған

_____ Математика пәнінің мұғалімі

Қарағанды қаласы

(оқу бағдарламасының ішкі титулдық бетінің үлгісі)

Авторы:

Қала/аудан _____ № _____ ЖББОМ _____ пәнінің мұғалімі
_____ аты-жөні
қолы

Пікір жазушылар:

Аты-жөні, мекеменің атауы, ондағы лауазымы, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы (егер болса)

Аты-жөні, мекеменің атауы, ондағы лауазымы, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы (егер болса)

Білім беру ұйымының Әдістемелік бірлестігімен (кафедра) ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ жыл

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні
қолы

Білім беру ұйымының Әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ жыл

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні
қолы

Гимназиялардың және лицейлердің 10-11 сыныптарындағы вариативтік және кәсіптік бағдарланған арнайы курстары үшін титулдық беттің безендірілу үлгісі

Білім беру ұйымының атауы

КЕЛІСІЛДІ
Кафедра меңгерушісі

(кафедра атауы)

(ЖОО атауы)

_____ Аты-жөні

(қолы)

«___» _____ 201__ жыл

КЕЛІСІЛДІ
«№99 гимназия» КММ
директоры
_____ Кудряшова Т.С.

«___» _____ 201__ жыл

БЕКІТЕМІН
Қарағанды қаласы білім
бөлімінің басшысының м.а.
_____ Кожухметова Г.Ш.

Бұйрық №

«___» _____ 201__ жыл

«_____»
(бағдарламаның атауы)

вариативтік және кәсіптік бағдарланған арнайы курстарының
(қандай курсты таңдауына байланысты)

БАҒДАРЛАМАСЫ

(___ сынып, ___ сағат саны)

20___ - 20___ жыл

Құрастырған

Математика пәнінің мұғалімі

Қарағанды қаласы

(оқу бағдарламасының ішкі титулдық бетінің үлгісі)

Авторы:

Қала/аудан _____ № _____ ЖББОМ _____ пәнінің мұғалімі
_____ аты-жөні
қолы

Пікір жазушылар:

Аты-жөні, мекеменің атауы, ондағы лауазымы, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы (егер болса)

Аты-жөні, мекеменің атауы, ондағы лауазымы, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы (егер болса)

Білім беру ұйымының Әдістемелік бірлестігімен (кафедра) ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ ЖЫЛ

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні
қолы

Білім беру ұйымының Әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ ЖЫЛ

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні
қолы

Аудандық(қалалық) білім бөлімдерінің Әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ ЖЫЛ

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні
қолы

(Облыстық Эксперттік Кеңеске жіберілген авторлық бағдарламалар үшін титулдық бетті безендірудің үлгісі)

Қарағанды облысының білім басқармасы
Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
Білім беру ұйымының атауы

Келісілді
Қарағанды облысы білім
беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығының
директоры
_____Қожахметова Г.Ш.
«__» _____ 2016 жыл

Бекітемін
Қарағанды қаласы
«№99 гимназия» КММ
директоры
_____ Аты-жөні
«__» _____ 2016 жыл

«_____»
(бағдарламаның атауы)

вариативтік және кәсіптік бағдарланған арнайы курстарының
(қандай курсты таңдауына байланысты)

БАҒДАРЛАМАСЫ

(__ сынып, __ сағат саны)

20__ - 20__ жыл

Қарағанды қаласы

(Эксперттік Кеңес үшін оқу бағдарламасының ішкі титулдық бетінің үлгісі)

Авторы:

Қала/аудан _____ № _____ ЖББОМ _____ пәнінің мұғалімі
_____ аты-жөні
қолы

Пікір жазушылар:

Аты-жөні, мекеменің атауы, ондағы лауазымы, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы (егер болса)

Аты-жөні, мекеменің атауы, ондағы лауазымы, ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы (егер болса)

Білім беру ұйымының Әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ ЖЫЛ

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні
қолы

Аудандық(қалалық) білім бөлімдерінің Әдістемелік кеңесімен ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ ЖЫЛ

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні
қолы

Облыстық Эксперттік Кеңеспен ұсынылады

Хаттама № _____ « _____ » _____ 201__ ЖЫЛ

Хатшы:

Лауазымы _____ аты-жөні
қолы

№ п/п	Курс бөлімдерінің атауы	Жалпы сағат саны	Оның ішінде		Өткізілу күні	Оқушылардың өздігінен атқаратын жұмыстары
			Теория	Практика		

Әдебиеттер:

1. ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (2015ж.24.11 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012ж. 23тамыздағы №1080 қаулысы (ҚР Үкіметінің 25.04.2015 жылғы №327 Қаулысымен өзгертілген).
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығы. «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».
5. Самуратова Ж.Б. Методические рекомендации по организации профильного обучения в экспериментальных школах. –Астана, 2006. - 36 с.
6. Сериков В.В. Образование и личность. Теория и практика проектирования педагогических систем. - М., 1999.
7. Баранников А.В. Элективные курсы в профильном образовании // Первое сентября, 2004. - №2. – С.1-2.
8. Ермаков Д.С., Рыбкина Т.И. Элективные курсы: требования к разработке и оценка результатов обучения // Профильная школа, 2004. - №3. – С.6-11.
9. Черникова Т.В. Методические рекомендации по разработке и оформлению программ элективных курсов // Профильная школа, 2005. - №5. – С.11-16.

Оглавление	
Введение	29
Порядок разработки и утверждения программы	31
Правила оформления программ.	33
Компоненты учебной программы:	33
Что нужно знать для написания программы	35
Основные клише для пояснительной записки	36
Критерии оценки программы вариативного курса	41
Рекомендации по составлению образовательной программы кружка	41
Заключение	43
Приложение 1	44
Приложение 2	46
Приложение 3	48
Приложение 4	50
Приложение 5	52
Литература:.....	52

Введение

